



**ТАУАРДЫҢ БЕЛГІЛІ БІР ТҮРЛЕРІ НАРҚЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫН
АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТІНІ
МОНОПОЛИСТ ДЕП ТАҢУ ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕГІ УАҚЫТША ЕРЕЖЕНІ
БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1993 жылғы 20 желтоқсан N 1275. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001.08.17. N 1076 қаулысымен. ~P011076

Мемлекеттік монополияға қарсы саясатты күшейтуге қатысты Дағдарысқа
қарсы шұғыл шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету
бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер
К а б и н е т і қ а у л ы е т е д і :

1. Тауардың белгілі бір түрлері нарқының шекараларын анықтау және
шаруашылық жүргізуші субъектіні монополист деп таңу тәртібі жөніндегі қоса
беріліп отырған Уақытша ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі
м е м л е к е т т і к к о м и т е т і :

аталған Уақытша ережеге сәйкес Қазақстан Республикасындағы шаруашылық
жүргізуші монополист субъектілердің мемлекеттік тізімінің республикалық және
аймақтық бөлімдеріне 1994 жылдың 1 қаңтарына дейін өзгерістер мен
т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з с і н ;

Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізуші монополист
субъектілердің бекітілген Мемлекеттік тізімі республикалық баспасөзде
ж а р и я л а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші монополист
субъектілерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілгеннен кейін шаруашылық жүргізуші
субъект тауардың белгілі бір түрлерінің тиісті нарығында монополист болып
с а н а л с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 20 желтоқсандағы
N 1275 қаулысымен
Б е к і т і л г е н

Тауардың белгілі бір түрлері нарқының шекараларын анықтау және шаруашылық жүргізуші субъектіні монополист деп тану тәртібі туралы

У а қ ы т ш а е р е ж е

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы Ереже Қазақ КСР-нің "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы", "Тұтынушылар құқын қорғау туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" 1993 жылғы 29 наурыздағы N 242 қаулысымен бекітілген Ережесіне сәйкес республикалық және жергілікті тауардың белгілі бір түрлері нарқының шекараларын анықтаудың және шаруашылық жүргізуші субъектіні тиісті нарықта монополист деп танудың тәртібін реттейді .

Қаржы және қор нарықтарына, сақтандыру қызметінің нарқына байланысты қатынастар ҚР басқа заң актілерімен реттеледі.

2. Ереже Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өндіру, өткізу қызметімен шұғылданатын, барлық меншік нысандарындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге таратылады .

Бұл арада өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер (құрылыс, жөндеу жұмыстары, даярлау, сауда, жабдықтау-өткізу, көліктік және т.б. қызметтер) қаралып отыр.

3. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

"тауардың белгілі бір түрінің нарығы" - тұтынушыларға алуға болады деп есептейтін шектегі нақты тауардың немесе өзара алмастырылатын тауарлар топтарының айналыс аймағы;

"тауардың белгілі бір түрлері нарығының шекаралары" - сатушы үшін тауарды (жұмысты, қызметті) сатудың немесе алмастырудың және тұтынушы үшін тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) алудың өзіне қолайлы шарттар мен бағалар бойынша мүмкіндігі сақталатын аталған тауардың (өзара алмасатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер) айналыс шегі.

Ұқсас, өзара алмастырылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әр түрінің өзінің айналымының географиялық ауданын белгілейтін жеке нарығы бар .

Нарық шекарасы бір облыстың шегінен шығып кететін белгілі бір тауар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің жиынтығы республикалық нарықты құрайды.

Бір облыстың, қаланың, ауданның, елді мекеннің басқа да жергілікті аумақтың шегінде жатқан белгілі бір тауар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің жиынтығы жергілікті нарықты құрайды.

"ұқсас, өзара ауыстырылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" - бұл ұқсас

сұраныс ерекшеліктері бар (сапа стандарты, техникалық сипаттамасы бойынша) және ұқсас тұтынушылықты қанағаттандыруға арналған бір тұтынушылар тобында сұранысы бар әрі тауардың (қызметтің, жұмыстың) басқа тауар орнына қолданылған кездегі қосымша шығындары мен жарнамаға арналған шығындары ұ қ с а с та у а р л а р ;

"нарықтық үлес" - шаруашылық жүргізуші субъектінің аталған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) және ұқсас, өзара ауыстырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді), олардың әкелінуін және әкетілуін ескере отырып, республикалық және жергілікті нарықта сату көлеміне қатысу көрсеткіші.

Нарықтық үлес шаруашылық жүргізуші субъектінің аталған тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) республикалық немесе жергілікті нарықта сату (өткізу, жеткізу) көлемі мен осындай ұқсас, өзара ауыстырылатын тауардың (жұмыстың, қызметтің) сатылу (өткізу, жеткізу) көлемінің ара қатынасымен а н ы қ т а л а д ы ;

"тауардың белгілі бір түрінің нарық көлемі" - бұл аталған ұқсас, өзара ауыстырылатын тауарларды (жұмыстардың, қызметтердің) әкелінуін және әкетілінуін ескере отырып (үкіметаралық келісім бойынша, бартер бойынша экспортқа, импорт бойынша, биржа, сауда үйлері арқылы республикаға, облысқа, Алматы және Ленинск қалаларына, республикадан, облыстардан, Алматы және Ленинск қалаларынан тысқары жерлерге) сатудың (табиғи, құн көрінісіндегі ө т к і з у , ж е т к і з у) кө л е м і .

II. Тауардың белгілі бір түрінің нарықтық шекараларын анықтау

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Монополист кәсіпорындардың еркін (нарықтық) бағалар бойынша өткізетін өнімдеріне бағаларды мемлекеттік реттеу туралы" 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 814 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 37, 570-бап), сондай-ақ Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1993 жылғы 28 маусымдағы N 547 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің (оның аумақтық органдары), Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің (оның аумақтық органдарының), сондай-ақ "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясы акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Бас кеден басқармасының, Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарманың, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Өнеркәсіп министрлігі мен Сауда министрлігінің, Құрылыс, тұрғын үй және аумақта

құрылыс жүргізу министрлігі мен Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволары мәліметтерінің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, тұтынушылар қоғамдарының, тауардың белгілі бір түрінің өндірісі мен нарығын дамыту жөніндегі басқа да материалдарының негізінде нарықтың шекарасын, тауардың белгілі бір түрінің тиісті нарығында шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстем жағдайын айқындайды.

5. Тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) алуға қолайлы мынадай жағдайларда қамтамасыз етіледі:

аталған аймақта белгілі бір баға бойынша нақты тауарды (тауар тобын) алуға мүмкіндік болғанда;

көлік шығындарының тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) құнына қатысы негізді болып, есесі қайтқанда;

тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапасы, кепілдігі, басқада тұтынушылық қасиеттері сақталғанда;

тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасы сапасына сәйкес болғанда;

тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) әкеліп-әкетуге, сатып алуға, сатуға шектеу қойылмағанда;

тауарды (жұмыстардың, қызметтердің) өндіру, сату, жеткізу жүзеге асырылатын аумақ шегінде бәсекелестікке тең жағдай болғанда.

6. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемкомитеті (оның аймақтық органдары) тауарлардың белгілі бір түрлерінің республикалық және жергілікті нарық шекараларын анықтауды;

жылына кем дегенде бір рет жүргізілуі ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 814 қаулысында көзделген Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің мемлекеттік тізімін жасаған кезде;

шаруашылық жүргізуші субъектінің негізделген өтініші жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектінің тиісті нарықтағы нарықтық үлесін анықтаған кезде;

тауардың белгілі бір түрлері нарқының жағдайын талдаған кезде;

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдарын бұзу фактілері табылған кезде;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің қызметін реттейтін қосымша шаралар белгілеген кезде жүзеге асырады.

7. Тауардың белгілі бір түрінің республикааралық нарқының шекаралары сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерді ескере отырып белгіленеді.

III. Шаруашылық жүргізуші субъектіні монополист деп танудың тәртібі

8. Қазақ КСР-інің "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңына сәйкес іс-әрекеті бәсекелестікті болдырмауға, шектеуге, шеттеуге бағытталған және тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) белгілі бір түрі нарығындағы үлесі Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті жыл сайын белгілейтін шекті мөлшерде асып түсетін шаруашылық жүргізуші субъект монополист болып саналады.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің нарықтық үлесінің белгіленген шекті мөлшерден асып түсуі оның тауардың белгілі бір түрінің нарығында үстем жағдайға ие екенін дәлелдейді.

Бұл орайда тауардың белгілі бір түрі нарығындағы үлесі 35 проценттен аспайтын шаруашылық жүргізуші субъект үстем жағдайға ие бола алмайды.

9. Тауардың белгілі бір түрінің нарқын талдау мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің республикалық және жергілікті нарықтардағы үстем жағдайларын айқындауды осы ереженің N 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті (оның аймақтық органдары) жүргізеді.

10. Шаруашылық жүргізуші субъект сондай-ақ республикалық және жергілікті нарықтарда мынадай жағдайларда монополист деп танылады:
шаруашылық жүргізуші субъект табиғи, рұхсат етілген монополияға ие болса ;

мемлекеттік монополия объектілеріне жататын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндірсе, сондай-ақ қызмет түрлеріне ие болса.

11. Өндірілуі жаңа технологиямен және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін қолданумен байланысты теңдесі жоқ әрі сұраныспен пайдаланылатын жаңа тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізе отырып, белгілі бір тауарлар түрінің нарығына алғаш енген шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстем жағдайы екі жыл бойы монопольді деп табылмайды.

12. Тауардың белгілі бір түрлерінің республикалық немесе жергілікті нарықтағы нарықтық үлесі үстем болып отырған шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің мемлекеттік тізіміне енгізіледі.

Шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің Мемлекеттік тізімге енгізілуі тауардың белгілі бір түрінің республикалық және жергілікті нарқында монополист екендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші монополист субъектілерінің мемлекеттік тізімін жасау мен жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті

а й қ ы н д а й д ы .

13. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен Шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің мемлекеттік тізімі республикалық және жергілікті баспасөзде жариялануға жатады.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің монополист болып танылғандығы туралы шешім (N 5 қосымша) жөніндегі хабар Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Қаржы министрлігіне, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне, жергілікті атқарушы өкімет органдарына, мүдделі министрліктер мен ведомстволарға, шаруашылық жүргізуші монополист субъектілерге хабарланады.

14. Шаруашылық жүргізуші субъект тауардың белгілі бір түрінің республикалық және жергілікті нарқында монополист болып танылғаннан кейін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті (оның аумақтық органдары) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші монополист субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

IV. Мемлекеттік органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер лауазымды адамдарының жауапкершілігі

15. Тауарлардың белгілі бір түрлерінің нарықтық шекараларын және шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстем жағдайын анықтау үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен олардың көшірмелерін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне (оның аумақтық органдарына) белгіленген мерзімде тапсырмағаны немесе қасақана күмәнді (жалған) мәліметтер бергені үшін мемлекеттік органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Тауарлардың белгілі бір түрлері

нарқының шекараларын анықтау
және шаруашылық жүргізуші
субъектіні монополист деп тану
тәртібі туралы Уақытша ережеге

N 1 қосымша

Тауардың белгілі бір түрінің республикалық (жергілікті)
нарықтағы үстем жағдайын анықтау
(К е с т е)

Тауарлардың белгілі бір түрлері

нарқының шекараларын анықтау
және шаруашылық жүргізуші
субъектіні монополист деп тану
тәртібі туралы Уақытша ережеге
N 2 қосымша

Тауар өткізу жүйесіндегі шаруашылық жүргізуші
субъектінің (ШС) үстем жағдайын анықтау
(К е с т е)

Тауарлардың белгілі бір түрлері

нарқының шекараларын анықтау
және шаруашылық жүргізуші
субъектіні монополист деп тану
тәртібі туралы Уақытша ережеге
N 3 қосымша

Белгілі бір тауар түрлерінің республикалық (жергілікті)
нарығындағы агроөнеркәсіп кешені дайындау ұйымының
(ШС) үстем жағдайын анықтау
(К е с т е)

Тауарлардың белгілі бір түрлері

нарқының шекараларын анықтау
және шаруашылық жүргізуші
субъектіні монополист деп тану
тәртібі туралы Уақытша ережеге
N 4 қосымша

Шаруашылық жүргізуші субъектінің (ШС) үстем
жағдайын анықтау
(К е с т е)

Тауарлардың белгілі бір түрлері

нарқының шекараларын анықтау
және шаруашылық жүргізуші
субъектіні монополист деп тану
тәртібі туралы Уақытша ережеге
N 5 қосымша

Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы
саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті
Қазақстан Республикасының Экономика
министрлігі
Қазақстан Республикасының Статистика және
талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті

(атқарушы өкімет органының аты)

(шаруашылық жүргізуші субъектінің аты)

Шаруашылық жүргізуші субъектіні монополист деп
тану туралы

Шешім

_____ орналасқан

(шаруашылық жүргізуші субъектінің аты)

(шаруашылық жүргізуші субъектінің мекен жайы)

Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі

мемлекеттік комитетінің _____ жылғы " _____ " _____

_____ N _____ шыққан қаулысына сәйкес

Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші монополист

субъектілерінің мемлекеттік тізіміне енгізіледі және _____

_____ белгілі бір тауар түрінің нарығында

(нарық аты)

монополист деп танылады.

Комитет төрағасы

(күні)

(қолы)